

ace

aceline

Пайдаланушы нұсқаулығы

line

Радиоқабылдағыш Aceline AR330



Құрметті сатып алушы!

«Aceline» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз және оны бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.


Құрылғының мақсаты

Радиоқабылдағыш — радио хабарларын қабылдауды және ойнатуды жүзеге асыруға арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

1. Осы құрылғыны су көздеріне тікелей жақындықта орнатпаңыз.
2. Радиоқабылдағышты ылғалдың немесе шаңданудың деңгейі жоғары жерге орнатпаңыз. Ол оның істен шығуына әкелуі мүмкін.
3. Радиоқабылдағышты ұқыпты қолданыңыз. Оны соққылардан сақтаңыз.
4. Құрылғыны өткір аспаптардың, абразивті құрамдардың және оны зақымдауы мүмкін басқа нысандардың әсер етуінен қорғаңыз.
5. Құрылғы балалармен және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалармен пайдалану үшін арналмаған, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты басқа тұлғалармен бақылау жүргізілетін жағдайларды қоспағанда.
6. Құрылғыны тек осы нұсқаулықта көрсетілген тікелей мақсатына сәйкес пайдаланыңыз.
7. Батареяларды құрылғыда ұзақ уақыт ішінде қалдырмаңыз. Электролиттің ағып кетуіне және зақымдалуларға жол бермеу үшін батареяларды алып шығыңыз.

Құрылғының схемасы



1. «Артқа» батырмасы:
 - ойнатқыш режимінде қысқа басу алдыңғы тректі, ұзақ басу артқа айналдыруды қосады;
 - радио режимінде алдыңғы станцияға ауыстырып қосады.
2. «Ойнату/пауза» батырмасы: ұзақ уақыт басу — радио станцияларды автоматты түрде іздеуді іске қосады.
3. «Алға» батырмасы:
 - ойнатқыш режимінде қысқа басу келесі тректі, ұзақ басу алға айналдыруды қосады;
 - радио режимінде келесі станцияға ауыстырып қосады.
4. «Режим» батырмасы:
 - қысқа басу жұмыс режимін ауыстырып қосады: microSD картасы, USB-жинақтауыш, сағат, радио;
 - ойнатқыш режимінде ұзақ басу ойнату режимін ауыстырып қосады: бір тректі қайталау («ONE»), барлық тректерді қайталау («ALL»), ағымдағы папканы қайталау («FOLD»).
5. Қол шамды қосу / өшіру батырмасы.

6. 0-9 батырмалары: қажетті тректі, станцияны немесе жиілікті таңдаңыз.
7. Дыбыс деңгейін реттегіш.
8. Зарядтауды қосуға арналған Mini-USB ажырандысы.
9. Құлаққапты қосуға арналған 3,5 мм ажырандысы.
10. «Қос./өшір.» ауыстырып қосқышы
11. USB-жинақтауышқа арналған ажыранды (максималды көлемі – 32 ГБ).
12. microSD картасына арналған слот (максималды көлемі – 32 ГБ).
13. Батарея бөлігінің қақпағы.
14. LED-қол шамы.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

- Құрылғыны қосу үшін радиоқабылдағыштың оң жақ қырындағы «Қос./өшір.» ауыстырып қосқышын «ON» күйіне ауыстырыңыз, қажетті дыбыс деңгейін орнату үшін дыбыс деңгейін реттегішті пайдаланыңыз.
- Музыканы microSD картасынан / USB-жинақтауыштан ойнату үшін microSD картасын / USB-жинақтауышты сәйкес слотқа салып, «Режим» батырмасын басу керек. Ойнатуды бастау және тоқтату үшін «Ойнату/пауза» батырмасын, ал тректерді ауыстырып қосу үшін «Алға»/«Артқа» батырмаларын пайдаланыңыз. 0-9 батырмалары арқылы сіз microSD картаңыздан / USB-жинақтауыштан белгілі бір тректі таңдай аласыз.

Назар аударыңыз: құрылғы тек MP3 пішіміндегі файлдарды ойнатады.

- FM-радиосын тыңдау үшін дисплейде тиісті интерфейс пайда болғанша «Режим» батырмасын басыңыз. Сигнал қабылдау үшін құрылғының жоғарғы бөлігіндегі антеннаны суырып ұзарту керек. Радиостанцияларды автоматты іздеуді бастау үшін «Ойнату/пауза» батырмасын басып тұрыңыз. Табылған станцияларды «Алға»/«Артқа» батырмалары немесе 0-9 цифрлық батырмалары арқылы ауыстырып қосуға болады.
- Аккумуляторды зарядтау үшін mini-USB кәбілінің бір ұшын зарядтау ажырандысына, ал екінші ұшын компьютердің, портативті аккумулятордың немесе DC 5 В / 1 А желілік адаптерінің USB портына салыңыз.

Назар аударыңыз: тек AA, BL-5C және BL-5CA үлгісіндегі аккумуляторлық батареяларды зарядтауға болады. Басқа батареялар зарядтауға келмейді. Зарядтау кезінде сондай-ақ қол шамды өшірген жөн.

Ықтимал проблемалар мен оларды жою

- Қосылғаннан кейін немесе жұмыс кезінде құрылғы автоматты түрде сөніп қалады: аккумулятор деңгейі төмен, оны 2 сағат бойы зарядтаңыз.
- Құрылғы қосылмайды: батареяны алып шығып, оны қайта салыңыз.
- Дыбыс тым төмен: дыбыстың қажетті деңгейі қойылғанына көз жеткізіңіз.
- Батырмалар басқанда жауап бермейді немесе дұрыс жұмыс істемейді: құрылғыны қайта қосып, батырмалардың жұмысын твғы бір рет тексеріңіз.
- MicroSD картасынан / USB-жинақтауыштан музыка ойнатылмайды: музыкалық файлдарды картаның/жинақтауыштың түпкі папкасына ауыстырып көріңіз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: AR330.
- Тюнердің түрі: цифрлық.
- Динамиктер қуаты: 3 Вт.
- FM жиіліктерінің диапазоны: 88 МГц – 108 МГц.
- Құлаққапқа арналған ажыранды: 3,5 мм.
- Зарядтау үшін қуат көзі: DC 5 В / 1 А.
- Батареялар: AA x 3, BL-5C, BL-5CA.
- Габариттері: 127 x 35 x 72 мм.

Жиынтықтамасы

- Радиоқабылдағыш.
- Аккумуляторлық батарея BL-5C.
- Mini-USB – USB кәбілі.
- Тасымалдау баусымы.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір орнатуды немесе үнемі бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы орамада өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақталуы керек. Үй-жайларда жемірілуді туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы қандай да бір орнатуды немесе үнемі бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өткізу РФ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымның кәдеге жаратылуы қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қалдықтарды бақылаусыз тастау нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының жиынтығына кіретін батареялардың қызмет мерзімі өткеннен кейін оларды қалған тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Қалдықтарды бақылаусыз тастау нәтижесінде орын алатын қоршаған ортаға әлеуетті зиян келтірудің алдын алу үшін құрылғы мен батареялардың кәдеге жаратылуы қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу авторландырылған қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша: <https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» 020/2011 КО ТР Кедендік одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Құрылғының сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жиынтықтамасы алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



